



«Құс фермасына саяхат»
«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасына арналған сценарий

Дайындаған: ұжым

2025-2026 оқу жылы

«Құс фермасына саяхат»

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасына арналған сценарий

Мақсаты:

- Балаларды үй құстарымен таныстыру;
- Табиғатқа, жануарларға қамқорлық сезімін тәрбиелеу;
- Танымдық қызығушылығын, тілін, есте сақтауын және әлеуметтік қарым-қатынасын дамыту.

Қатысушылар: балалар, тәрбиешілер, ата-аналар (қажет болған жағдайда), ферма қызметкері.

Қажетті құралдар:

- Бас киімдер;
- Су бөтелкелері;
- Дымқыл майлықтар;
- Құстарға арналған жем;
- Фотоаппарат.

I бөлім. Балабақшада жиналу

Тәрбиеші:

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Бүгін біз ерекше саяхатқа шығамыз. Біз құс фермасына барып, тауықтарды, әтештерді, үйректерді, қаздарды және басқа да құстарды көреміз. Олар қалай өмір сүретінін, немен қоректенетінін және адамдарға қандай пайдасы бар екенін білеміз.

Жолға шықпас бұрын қауіпсіздік ережелерін қайталайық.

Балалар:

– Иә!

Қауіпсіздік ережелері:

- Топтан бөлінбеу;
- Тәрбиешінің жанында жүру;
- Құстарды қорқытпау;
- Рұқсатсыз ештеңеге қол тигізбеу;
- Тыныш әрі ұқыпты болу.

II бөлім. Құс фермасына келу

Ферма қызметкері:

– Қош келдіңіздер, балалар! Біздің фермада көптеген үй құстары өмір сүреді. Олар адамдарға жұмыртқа, ет және қауырсын береді.

III бөлім. Құстармен танысу

Тауықтар

Тәрбиеші:

– Балалар, бұл қандай құс?

Балалар:

– Тауық.

– Тауық бізге не береді?

Балалар:

– Жұмыртқа.

Әтеш

– Бұл кім?

Балалар:

– Әтеш.

– Әтеш қалай шақырады?

Балалар бірге:

– «Кү-ка-ре-кү!»

Үйрек

– Үйрек қалай дыбыстайды?

Балалар:

– «Қаңқ-қаңқ!»

Түйе құс

– Түйе құстың мойны қандай?

Балалар:

– Ұзын.

Сергіту сәті

«Құстар қалай жүреді?»

Балалар:

- канат қағады;
- жем тергендей еңкейеді;
- су ішкендей қимыл жасайды;
- қанатын жайып жүреді.

IV бөлім. Құстарды тамақтандыру

Тәрбиеші:

– Енді құстарға жем береміз. Құстарды жақсы көреміз, оларды ренжітпейміз. Балалар тәрбиешінің көмегімен құстарға жем шашады.

V бөлім. Танымдық сұрақтар

- Қай құс саған ұнады?
- Тауық не береді?
- Өтеш қалай шақырады?
- Құстар немен қоректенеді?
- Құстарға қамқор болу керек пе?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

VI бөлім. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Бүгін біз не көрдік?

Балалар:

– Құстарды.

– Не үйрендік?

Балалар:

– Құстарға қамқор болуды, олардың пайдасын.

– Барлығың өте белсенді болдыңдар. Жарайсыңдар!

Балалар естелік суретке түседі.

Күтілетін нәтиже

Балалар:

- үй құстарын ажырата алады;
- олардың пайдасын біледі;
- табиғатқа қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді;
- бірлескен әрекетке белсенді қатысады.

Ұраны:

«Табиғатты аялайық,

Құстарды қорғайық!

Мейірімді жүрекпен

Жақсылыққа жол ашайық!»

ҚҰС ФЕРМАСЫНА САЯХАТ





**«Дені саудың – жаны сау»
Жазғы спорттық ойын-сауық сценарийі**

Дайындаған: ұжым

2024-2025 оқу жылы

«Дені саудың – жаны сау»
Жазғы спорттық ойын-сауық сценарийі

Мақсаты:

- Балалардың денсаулығын нығайту;
- Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру;
- Ептілікке, ұйымшылдыққа, тепе-теңдік сақтауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

- Су құйылған шелек;
- Пластик стақандар;
- Балансир (немесе гимнастикалық орындық);
- Шеңберлер (обруч);
- Конустар;
- Музыкалық сүйемелдеу;
- Медальдар немесе марапаттар.

Жүргізуші

Қайырлы күн, балалар!

Жаз – көңілді ойынның, таза ауада шынығудың тамаша мезгілі. Бүгін біз «Дені саудың – жаны сау» атты спорттық мерекеге жиналдык. Деніміз сау болса, көңіліміз көтеріңкі болады. Ендеше барлығымыз бірге көңілді жарысқа қатысайық!

Ұраны:

Деніміз сау болсын!

Спортпен дос болсын!

Шынығып, күлейік,

Бақытты өмір сүрейік!

Жылыту жаттығулары

Музыка әуенімен:

- қолды жоғары көтеру;
- оңға, солға бұрылу;
- отырып-тұру;
- секіру;
- жүгіру.

1-эстафета «Суды жеткіз»

Әр бала стақанмен шелектен су алып, жүгіріп барып бос ыдысқа құяды.

Мақсаты: ұқыптылық, ептілік.

2-эстафета «Тепе-теңдікті сақта»

Балалар балансирдің үстімен немесе гимнастикалық орындықпен қолдарын екі жаққа созып жүріп өтеді.

Кім құламай өтсе, сол командаға ұпай беріледі.

3-ойын «Шеңберден шеңберге»

Жерге бірнеше шеңбер қойылады.

Балалар белгі бойынша бір шеңберден екіншісіне секіріп өтеді.

Мақсаты: дәлдік пен үйлесімділікті дамыту.

4-эстафета «Шеңберді домалат»

Балалар обручты домалатып белгіленген жерге дейін жеткізіп, қайта алып келеді.

5-ойын «Кім жылдам?»

Балалар шеңбердің ішінде тұрады.
Музыка тоқтағанда жүргізуші түсті немесе қимылды айтады.
Мысалы:

- «Қызыл!» – қызыл конуска жүгіреді.
- «Отыр!» – бәрі отырып қалады.
- «Күс!» – қолдарын қанатша қағады.

6-эстафета «Доп пен шеңбер»

Балалар шеңбердің ішінен өтіп, допты алып келіп келесі балаға береді.

Сергіту сәті

«Күн шуағы»

Балалар:

- күнге қол созады;
- жел сияқты тербеледі;
- жаңбыр тамшыларын көрсетеді;
- гүл болып жайқалады.

Қорытынды ойын «Достық шеңбері»

Барлық балалар үлкен шеңбер жасап тұрады.

Музыкамен шеңберді айналып жүреді.

Музыка тоқтағанда бір-біріне:

- күлімсіреді;
- қол бұлғайды;
- алақан түйістіреді;
- «Досым, аман бол!» дейді.

Марапаттау

Жүргізуші:

Бүгін барлықтарың өте белсенді болдыңдар. Сендер жылдам, епті әрі ұйымшыл екенсіңдер. Спортпен дос болған адамның дені сау, көңілі көтеріңкі болады.

Барлық балаларға «Белсенді қатысушы», «Ең епті», «Ең ұйымшыл», «Ең жылдам» номинациялары бойынша медальдар немесе тәтті сыйлықтар табысталады.

Қорытынды сөз

Деніміз сау болсын,

Жүзіміз жарқын болсын!

Спортпен әркез дос болып,

Шаттыққа толсын әр күніміз!

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР



АЕНІ САУДЫҢ -
ЖАНЫ САҒУ



Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және дене үйлесімділігін дамыту мақсатында түрлі сауықтыру ойындары мен жаттығулары ұйымдастырылды. Балалар тепе-теңдікті сақтау, кедергілерден өту, сенсорлық тапсырмаларды орындау арқылы ептілік пен шапшаңдықтарын дамытты. Іс-шара барысында тәрбиегенушілер көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, белсенділік танытты.



БЕКІТЕМІН

Ақтау қаласы «Талпын» инклюзивті

Балабақшасының директоры

Махутова М.Х.



«Ертегілер елінде»

Атты жаңа жылдық ертеңгілінің сценарийі

Дайындаған: Талпын ұжымы

2025 - 2026жыл

Мақсаты: балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.

Жүргізуші

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Қош келдіңдер, қонақтар!

Бүгін бізге ең көңілді, ең мейірімді мереке – Жана жыл келді!

(Жай әуен ойнайды)

Балалар, шеңбер жасап тұрайық (немесе орындарында отырып, қол шапалақтайды).

Қане, бәріміз бірге қол шапалақтайық.

Қаршақыз:

Сәлем, балалар! Мен – Қаршақызбын

Сендермен ойнауға, күлуге келдім!

Балалар, қане, маған:

– «Сәлем, Қаршақыз!» – деп айтайық!

(Балалар айтады)

Жүргізуші : Балалар жаңа жылдың басты қонағы Аяз атаны шақырайық ...

(Балалармен бірге Аяз атаны ортаға шақырады. Осы кезде орманнан Аю Түлкі Қоян келеді)

Аю: Сәлем балалар мен аюмын. Осы жақта ақылды балалар бар деген соң, сіздерге келдім. Менде сіздермен ертеңгілікке қаттыссам болама

Түлкі мен қоян: Балалар бізде сіздермен жаңа жылды қарсы алғымыз келеді. Бізде қатысайық

Жүргізуші : Ия жаңа жылды бізбен бірге қарсы алыңыздар ормандағы көңілді достарымыз

Түлкі: ендеше көңіл күйімізді көтеріп бірге ән шырқайық

Ән: Аққала

Аю: Балалар бәріміз ән шырқайық.

Ән «Жаңа жыл кейіпкері»

Аяз ата: балалар сендер өте тамаша өнер көрсеттіңдер маған қатты ұнады. Жаңа жылдық сыйлықтарымды қабыл алыңдар. Мені күтіп отырған балақайларға барамын! Қош сау болыңдар!

(Аяз атаны шығарып салады)

Жүргізуші: Осымен балалар жаңа жылдық ертеңгіліміз аяқталды. Көңілді ертеңгілігімізге қатысқандарыңызға рахмет!

БЕКІТЕМІН

«Талпын инклюзивті оңалту

Балабақшасы директоры

Махутова М.Х.



«Қош келдің,әз Наурыз!» атты ертеңгіліктің сценарийі

Дайындаған: «Талпын ұжымы»

2025 жыл

Сценарий тақырыбы: Қош келдің, әз Наурыз!

Бірінші жүргізуші: Армысыздар, ұстаздар, ата – аналар, қонақтар!
Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын!

Екінші жүргізуші: Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата – бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты болсын, тілектеріңіз қабыл болсын!

Дей отыра барлығымыз бірге «Дастархан» әнін шырқайық

Хор «Дастархан»

1-ші жүргізуші Жарайсыңдар балалар, енді бізге қонаққа әже келінті, әжеі бізге бесігімен бірге келіп «Бесікке салар» рәсімін жасаймыз

Салиха апай келеді де жасайды

2- жүргізуші: Ал, халайық, тұрмайық,

Әндетейік жырлайық!

Ортамызды ашайық,

Ырыс тілеп бұл жылға,

Жырдан шашу шашайық!

-дей отырып кезекті балаларымыздың өнеріне берейік!

Оркестр шығады

1 - жүргізуші: Ана жақтан аттың дыбыры естіледі ме балалар, кім екен келе жатқан? (Аттың дыбысы) Ортаға Алдар көсе,

Алдар:- Уа, халайық! Тойға келіңдер, тойға, Нұрлы Наурыз тойына келіңдер!
Уа, балалар!

2-ші жүргізуші Алдар аға, бүгінгі тойға тіпті өлеңдетіп, сықиып киініп келіпсіз ғой. Жел бір жағынан кіріп, екінші жағынан шығып кететін шұрық тесік әйгілі шапаныңыз қайда?

Алдар көсе:- Биыл жаңа жылды үлкен табыстармен қарсы алып жатқанда жыртық шапан менің теңім бе, Наурыз тойы болады деп мен Алдармын, Алдармын Досымын адал жандардың. Жақсыларға серік боп, Жаманды талай

алдадым. Наурыз-думанды думандатып қарсы алайық! (барлығы
құшақтасып, көрісіп орындарына жайғасады)

2 - жүргізуші: Наурызда әндер шырқайық,

Өнер жасқа лайық.

Өлеңдеткен балдардың,

Әсем әнін тыңдайық!

Хор,

1-жүргізуші Айжан оқысын Айжамал тұсауға дайындалсын

Қаз, қаз балам қаз балам

Қадамыңды жаз балам

Тұсауыңды кесейін

Күрмеуіңді шешейін дей отыра біздің Айжамал апайымыз Әмір баламыздың

тұсауын кеседі деп тұсау кесу жасаймыз, шашу шашамыз

2-жүргізуші өте керемет балалар

Батаменен ел көгерер

Жауынменен жер көгерер деп ендігі кезекті Тәуекел баламыз мен Айша

қызымыз бата тілектерін айтады

Тәуекел

Бақ-дәулет берсін басыңа,

Ғұмыр берсін жасыңа.

Бәле-жала, жын-шайтан,

Жоламасын қасыңа! Әумин

Айша

Шайың қызыл болсын,

Ғұмырың ұзын болсын.

Несібең таса берсін,

Дұшпаның қаша берсін,

Құдайым ұзақ ғұмыр жаза берсін! Әумин

Балалар, ұстаздар бүгінгі ертеңгілігімізді аяқтаймыз! Сауболыңыздар!

«Қош келдің, әз Наурыз»



БЕКІТЕМІН:

«Талпын» инклюзив оңалту

балабақшасы директоры

Махутова М.Х.



**8 наурыз Халықаралық әйелдер
мерекесіне арналған
«Аяулы аналар» атты ертеңгіліктің
сценарийі**

Дайындаған: «Талпын» ұжымы

2025 жыл

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай ерекше балаларға арналған ертеңгілік ұйымдастыру олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіне деген сенімділігін арттыруға және қоғаммен байланысын нығайтуға ықпал етеді. Мұндай іс-шараларды жоспарлау кезінде балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Ертеңгіліктің құрылымы:

1. Кіріспе бөлім:

- Жүргізушінің мерекелік құттықтауы және іс-шараның мақсаты туралы қысқаша мәлімет беру.

2. Өнер көрсету:

- **Ән орындау:** Балалардың аналарына немесе әжелеріне арналған қарапайым және таныс әндерді орындауы. (хор ата—аналармен бірге орындалады). Жеке ән орындалады.

3. Қозғалыс ойындары:

- Қарапайым би қимылдары немесе музыкалық-серпінді ойындар арқылы балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру.
- Ата—аналармен бірге орындалатын, шеңбер жұптық ойыны. Мақал—мәтелді тап, топтық ойыны.

4. Қолөнер бұйымдарын жасау:

- Балалардың аналарына арнап қарапайым ашық хаттар немесе гүлдер жасау. Бұл бөлімде тәрбиешілер мен ата-аналар көмек көрсете алады.
- Алдын ала дайындалған тәрбиешілер мен балалардың бірге жасаған қолөнер бұйымдары.

5. Қорытынды бөлім:

- Балалардың аналарына өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын табыстауы және бірге естелік суреттерге түсу.

Ұйымдастыру бойынша кеңестер:

- **Қатысушылардың қажеттіліктерін ескеру:** Әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін назарға алып, бағдарламаны соған сәйкес бейімдеу.
- **Қоршаған ортаны бейімдеу:** Іс-шара өтетін орынды балалардың еркін қозғалуына және қатысуына ыңғайлы етіп ұйымдастыру.
- **Қолдау көрсету:** Әр бөлімде балаларға тәрбиешілер, ата-аналар немесе еріктілер тарапынан қолдау көрсету.
- **Мадақтау:** Балалардың әрбір жетістігін мақтап, олардың өзіне деген сенімділігін арттыру.

Ерекше балаларға арналған мұндай ертеңгіліктер олардың дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға және мерекелік көңіл-күй сыйлауға септігін тигізеді.

Мерекелік кешіміздің басталуы:

ата-аналар қолдарына берілген түстер арқылы екі жаққа екі топқа жайғасып отырады. Қызылдар мен жасылдар!

1 – жүргізуші (Айжан апай) Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар! Барлығымыз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен бірге 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті.

2 – жүргізуші (Айжамал апай) Ана, ол- бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен асыл жандар!

Бүгінгі аналар мен нәзік жанды қыздар қауымының төл мерекесі Құтты болсын!

1 – жүргізуші (Айжан апай) Құрметті аяулы аналар!

Жүздеріңізден күлкі кетпей, тек қана жайдарлы көңіл күй мен ақжарқын өмір тілейміз. Сіздердің құрметтеріңізге балабақшамыздың арнайы дайындалған мерекелік кешімізді тарту етеміз.

Көктем аруы (Амина апай)

Сәлеметсіздер ме балалар! Мен көктем ханшайымымын! Менің ғажайып гүл бағыма хош келдіңіздер !

Хош келіпсіз ақ жаулықты әжелер мен аналар !

Жүздерінен мейірім мен нұр тамар.

Құшақ жая қарсы аламыз сіздерді.

Би биленіп ән де бүгін шырқалар.

2 – жүргізуші (Айжамал апай)

Шалқып, тасып әніміз

Жадырасын жанымыз,

Ана, сені құттықтап

Әндетеміз бәріміз! -дей отырып ата аналар мен бүлдіршіндердің орындауында «МАМА» атты ән. Бәріміз бірге орындайық.

1 – жүргізуші (Айжан апай)

Өнер қуған жасынан

Өнері судай тасыған

Келесі біздің бишілер

Көрінген көштің басынан.

2 – жүргізуші (Айжамал апай) тәп- тәтті өнерлі бүлдіршіндерімізден би .

Ата-аналар мен балалармен ойналатын ойын. Жұптық шеңбер ойыны.
Эстафеталық ойын. Қай топ мәреге бірінші болып жетеді

1 – жүргізуші (Айжан апай) спорт денсаулық кепілі .

2 – жүргізуші (Айжамал апай) Әрине, спортта адамның дене мүшесі бәрі қозғалады. Ал, қозғалыс деген денсаулықтың бірден – бір кепілі ғой!

1 – жүргізуші (Айжан апай) : олай болса ойынымызды бастайық!

Айжан апай

Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті, жан аналар!

Айжамал

Ана десем шешек ашып жанары.
Өмірімнің бастау алар ажары.
Ана деген тіршілікке пана боп,
Әрбір үйде жұлдыз болып жанады, - дей отырып, мерекелік ән
шашуымызға кезек береміз, ортада Тәуекелдің орырдауында әсем ән.

1 – жүргізуші (Айжан апай)











Келесі кезекте ата—аналармен орындалатын ойын. Экранға назар аударсаңыздар. Экранда көрсетілген суреттерді пайдалана отырып мақал—мәтел құрастыру қажет.









Мадина апайға сөз кезегі

1 – жүргізуші (Айжан апай)

Құрметті қонақтар ,біздің мерекелік кешімізді көңіл қойып
тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет.
Деменіз біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше,
Осымен концертіміз аяқталды.

Сау-саламатта болыңыздар!





«Аяулы аналар» атты ертеңгіліктен суреттер



Тақырыбы: «Біз – күшті, біз – ептіміз!»

Мақсаты:

Тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балалардың қимыл белсенділігін арттыру, денсаулығын нығайту, эмоциялық көңіл-күйін көтеру және ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Қатысушылар:

- Ерекше білім беруді қажет ететін балалар
- Тәрбиешілер
- Дене шынықтыру нұсқаушысы
- Ата-аналар (қолдау тобы)

Өтетін орны:

Спорт залы немесе кең бейімделген бөлме

Құрал-жабдықтар:

Жеңіл доптар, кеглилер, шеңберлер, жалаушалар, жұмсақ конустар, музыка

БАРЫСЫ

1. Кіріспе (5 минут)

Жүргізуші:

Қош келдіңіздер, құрметті балалар мен қонақтар!

Бүгін біз «Біз – күшті, біз – ептіміз!» атты көңілді спорттық жарысымызды бастаймыз!

Балалар шеңберге тұрып, музыкамен жеңіл қимыл-қозғалыс жасайды.

2. Жеңіл бой азу жаттығуы (5 минут)

Жүргізуші қимылдарды көрсетеді:

- Қолды жоғары көтеру
- Қолды оңға-солға бұру
- Баспен жеңіл қимыл жасау
- Орында отырып/тұрып жеңіл қозғалу

Ескерту: Әр бала өз мүмкіндігіне қарай орындайды.

3. «Допты жеткіз» ойыны (жеңілдетілген) (7 минут)

Шарты:

Балалар допты:

- жермен домалатып немесе
- қолмен бір-біріне береді

Мақсат: допты белгіленген орынға жеткізу

- ✓ Қауіпсіз, баяу орындалады
- ✓ Қозғалыс шектеулі балаларға да қолайлы

4. «Кеглиді құлат» ойыны (7 минут)

Шарты:

Балалар жұмсақ допты домалатып кеглилерді құлатады.

- ✓ Қашықтық қысқа
- ✓ Әр балаға бірнеше мүмкіндік беріледі
- ✓ Қолдау көрсетіледі

5. «Шеңберден өт» ойыны (7 минут)

Еденге үлкен шеңберлер қойылады.

Шарты:

- Бала шеңберлерден өтіп барады
- Жүре алмаса – тәрбиеші көмектеседі немесе қолмен жылжиды

Максат: кеңістікті сезіну, қозғалыс үйлесімі

6. «Көңілді қолдар» ойыны (5 минут)

Балалар отырып орындайды:

- Қол шапалақтау
- Саусақтарды ашып-жабу
- «Сәлем» белгісі
- Жоғары-төмен қозғалту

Музыкамен сүйемелденеді 

7. «Мәре сызығына жет» (жеңілдетілген эстафета) (10 минут)

Шарты:

Балалар:

- баяу жүреді немесе
- арбада/қолдау арқылы қозғалады

Мәре сызығына жеткен балаға қол шапалақтау беріледі.

- ✓ Жарыс емес, қолдау принципі
- ✓ Барлық бала жеңімпаз

8. Марапаттау кезеңі (5 минут)

Жүргізуші:

Бүгін бәріңіз – нағыз батырсыздар!

Балаларға беріледі:

- Мадақтама
- Жұлдызша
- «Күшті бала» белгісі

9. Қорытынды (3 минут)

Жүргізуші:

Біздің жарысымыз аяқталды.

Бірақ сіздердің жетістіктеріңіз жалғасады!

Балалармен бірге:

- «Біз мықтымыз!» деп айту
- Қоштасу биі немесе қол шапалақ

Ерекше ескерту:

- Бәсекелестік емес, ынталандыру маңызды
- Әр бала өз мүмкіндігімен қатысады
- Қауіпсіздік – бірінші орында
- Қысқа, жеңіл тапсырмалар беріледі

КӨҢІЛДІ

ЭСТАФЕТАЛЫК

ОЙЫН
САБАҒЫ

